



Ұлыс оң болсын! Сыр бойы

№42-43
(20116-20117)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

20 наурыз, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz


2 Екі айда
едәуір
ілгерілеу бар



4 Тау мен
теңіз арасы
сұлу Сырда өз Наурыз



5 Көне
зергерлік
бұйымдар көрмесі



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты жерлестер!

Жер-Ана бусанып, адамзат баласы жадырап, тіршілік атаулы жанданып, табиғат түрлі күйге еніп, күн мен түн теңелетін Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз баршаңызға құтты болсын!

Тарихи тамырын тереңнен тартқан, Шығыс халқына, барша түркі жұртына ортақ Наурыз мейрамы – ырыс пен ынтымақтың, тоқшылық пен татулықтың, береке мен бірліктің мерекесі.

Наурыз – ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғырта отырып, жалпы-адамзаттық құндылықтарды нығайтатын халықтық мереке.

Бұл күні Жаңа жылға аман-есен жеткеніне қуанған жұртшылық өкпеленіштің бәрін ұмытып, ортақ қазанға Наурызкөже әзірлеп, бір-біріне ізгі тілектерін білдіріп, мәре-сәре болады. Ағаш отырғызып, егін егуді бастайды. Қыстан қысылып шыққан ағайынға қол ұшын созып, қайырымдылық көрсетеді.

Көптеген жыл ұмыт қалған Наурыз мейрамын атап өту 1991 жылы Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен қайта қалпына келтірілді.

2001 жылы мемлекеттік мерекелер тізбесіне енгізілсе, 2009 жылдан бастап наурыз айының 21-23 аралығында атап өтіле бастады.

2016 жылы Қазақстан мен басқа да түркі елдері бірлесіп ұсынған «Наурыз. Мерекелік дәстүр» трансұлттық номинациясы ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне енгізілді.

Қазіргі таңда Наурыз жаңа сипатқа ие болды, этносаралық қарым-қатынастардың нығаюына, ұлттық салт-дәстүрлердің қайта жаңғыруына үлес қосты. Өткенімізді таразылап, бүгінгімізді саралайтын, болашағымызды бағамдайтын ерекше кезеңге айналды.

Биыл Наурызды мерекелеудің жаңашылдығы ұсынылған еді.

Өкінішке қарай, былтырдан басталған коронавирус індеті мерекені кеңінен атап өтуге мүмкіндік бермей отыр.

Әлемдегі және Қазақстандағы коронавирустық инфекцияның эпидемиологиялық мәселелерін ескеріп және шектеу шараларын сақтай отырып, төл Жаңа жылымызды отбасында, жақын-жуықтың арасында қарсы аламыз.

Денсаулығымыздың қауіпсіздігі үшін де сақтық шараларын тиянақты орындауымыз, әлеуметтік қашықтықты, маска кию режимін сақтауымыз қажет.

Ардақты ағайын!
Биыл тәу етер тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі жылы.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» мақаласында айтылған Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын әзірлеу және көктем мерекесінің мазмұнын байыту туралы тапсырмасына сәйкес жаңа тұжырымдамалық тәсілдер әзірленді.

Күрделі кезең талабына сай мерекелік шаралардың барлығы онлайн режимде өтеді.

Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы тәуелсіз елімізге, туған жерімізге, әрбір отбасына ауызбіршілік пен ырыс-құт, молшылық пен тоқшылық әкелсін!

Жеріміздің тынысы кең, еліміздің мерейі үстем, халқымыздың келешегі кемел болуын тілеймін!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!
Наурыз құтты болсын!

Құрметпен
Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА,
облыс әкімі



Төрге шық, Зеңгі баба

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ

Жаңа жыл, қадам басқан енді ғана, Төрге шық, иең еді Зеңгі баба. Бейнеңді суреттейін жібек жырмен, Алшақ төс, жоталы жон, кең бұғана.

Исінткен, исіндірген жанды құрыш, Басың – бак, тулағың – төр, баурың – ырыс. Көркіңнен мама мінез мият тапсын, Саламат, сері тірлік саулығымыз.

Алғанмын сыбағамды көштен ұлық, Мендей болсын мерейі өскен ұлт.

Қырға қарай жол баста аймүйізін, Тұғыр тұяқ үстінде сес көрініп.

Ізіңе ертіп ізгілік жақсы күнді, Жолыңда жұрт қараған жатсын үлгі. Бөгде қолға ұстатып жібермеген, Анам сенің құт санап бас жібінді.

Жақының жат болмасын, досың араз, Мәрт жүректер жылсын қасыңа мәз. Аппақ сүттей елінің ақ тілегін, Асыл текті даламның төсіне жаз!

● БӘРЕКЕЛДІ!

ҚАЗАЛЫЛЫҚ МҰҒАЛІМ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ҰСТАЗЫ

Республиканың әр өңірінен жиналған үздік ұстаздар ҚР Президенті Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын иеленді. Үздіктердің қатарында Қазалы ауданындағы №249 мектептің мұғалімі Жәмила Әбжан да бар.

Тәжірибелі ұстазға ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов марапатты салтанатты түрде табыстады. Үздік ұстаз 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сыйақы иеленді. Жәмила Әбдинағқызы – жоғары санатты педагог-зерттеуші. Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, республикалық Білім академиясының Құрмет грамотасының, халықаралық АКСЕЛС қоғамы Құрмет грамоталарының иегері. Педагогика саласында 32 жыл еңбек өтілі бар білікті маман.



«СБ» ақпарат

«Үздік ұстаз», «Үздік авторлық бағдарлама» жинақтарының авторы. Америка Құрама Штаттарының елшілігі мен ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің сайысында жүлдегер атанып, АҚШ ұстаздарымен тәжірибе алмасқан.

Шәкірттері халықаралық АКСЕЛС қоғамы ұйымдастырған сайыстың жеңімпазы ретінде АҚШ-та білім алған. Оқушысы Н.Ондасов «Болашақ» бағдарламасымен Ирландияның Дублин қаласында білім алуда. Оқушылары ҰБТ көрсеткіші бойынша жыл сайын жоғары балл жинап, мемлекеттік грант иегері атануда.

Наурыз тұжырымдамасынан не күтеміз?

Әдетте көбіміз Ұлыстың ұлы күнін 22 наурызға туралайтынымыз рас. Ал елдің батыс өңірі оны әлдеқашан бастап кетті. Президент тапсырмасынан кейін пайда болған тұжырымдама бойынша Наурыз мейрамы он күнге жалғаспақ.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Оның әрқайсысы төмендегідей түрлі мазмұнды шараға арналып отыр:
14 наурыз – Көрісу күні;
15 наурыз – Жайлау күні;
16 наурыз – Шөжіре күні;
17 наурыз – Тарихқа тағзым күні;
18 наурыз – Игі істер күні;

19 наурыз – Шымырлық пен шеберлік күні;
20 наурыз – Зияткерлік күні;
21 наурыз – Ұлттық тағамдар күні;
22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні;
23 наурыз – Жоралғы күні.

3-бет

Сыр жылы туралы сыр

Қазақ ұғымында нәубет-нәсіп те, қуаныш-сүйініш те жүйесімен келеді. Сондықтан жыл қайыратын есепшілер келер жылдың бейнеті мен берекесін дәл болжаған. Тағы толып жатқан нәрселерді алдын ала білген. Бағзы заманнан бізге еш өзгеріссіз жеткен жыл қайыру бойынша 12 жыл – бір мүшел. Тарихы тым әріде жатқан жыл қайыру туралы ең алғашқы

деректер VIII ғасырдағы Күлтегін жазба ескерткіші мен XI ғасырдағы Қашқари еңбектерінде кездеседі. Жыл басы – Наурызға қатысты халқымыздың байырғы дәстүрлері туралы да қызықты деректер көп. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп шежіресінде «Наурыздың келген сәтін жандыда балық біледі» делінген.

3-бет

Ордалы 30 жыл

20 НАУРЫЗ

- 1992 жылы республика тәуелсіздігінің символына айналған «Алтын Сарбаз» атты Қазақстанның алғашқы пошта маркасы шығарылды.
- 2006 жылы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасында демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды. Мемлекеттік комиссия Қазақстанның саяси жүйесін жаңарту және еліміздегі демократиялық өзгерістерді тереңдету мәселелері жөніндегі жалпұлттық үндесуді дамыту мақсатында құрылды.
- 2016 жылы Қазақстанда ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі маслихаттар депутаттарының сайлауы болды.

21 НАУРЫЗ

- 1994 жылы Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі арасындағы Достық және ынтымақтастық декларациясына қол қойылды.
- 2007 жылы мемлекеттік әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, соғыстар мен қарулы қақтығыстарды тоқтатудың, Қарулы Күштерді және басқа да әскери күштер мен құрылымдарды дамыту және пайдаланудың негізгі ұстанымдарын қамтитын Әскери доктрина бекітілді.
- 2011 жылы Алматыда «Алматы Тауэр» кешенінің ресми түрде ашылуы болып өтті. Екі 25 қабат мұнарадан тұратын кешен бірден қаланың сәулет сәніне айналып кетті.
- 2017 жылы Түркістан қаласы ресми түрде түркі әлемінің мәдени астанасы атанды.

22 НАУРЫЗ

- 1995 жылы «Азық-түлік корпорациясы» мемлекеттік компаниясы құрылды.
- 2000 жылы «Ана тілі» апталық газетінің алғашқы нөмірі жарық көрді.
- 2015 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері Үндістан астанасы Делиде өткен Наурыз тойына қатысты.

23 НАУРЫЗ

- 1992 жылы Қазақстан Республикасы мен Венгрия Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы туралы ноталар алмасуы болды. Венгрия Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы елдердің бірі болды.
- 2009 жылы Қызылорда облысында аймақтағы бірінші қыздар футбол командасы құрылды. «Жігер» командасының құрамына 16-17 жас шамасындағы қыздар кірді.
- 2010 жылы Мәскеу қаласындағы №229 орта мектепке Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының аты берілді.
- 2016 жылы ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» халықаралық үйлестіру кеңесінің бағдарламасы Бүкіләлемдік биосфералық қорықтар желісіне 20 жаңа нысан енгізді. Олардың арасында «Барсакемес» қорығы да бар.

24 НАУРЫЗ

- 2000 жылы Қызылорда облысының Жаңа Қазалы қаласына Әйтеке би есімі берілді.
- 2006 жылы Алматыда Media-Net Халықаралық журналистика орталығы «Қазақстандағы тәжірибелік журналистика» деп аталатын жаңа кітаптың тұсауікеріні өткізді.
- 2009 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Финляндияның Ақ Раушаны» және «Финляндия Арыстаны» ордендерімен марапатталды.
- 2014 жылы Қазақстанда қазақтілді блогерлердің арасында алғаш рет «Блогиада-2014» байқауы өткізілді.



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Екі айда едәуір ілгерілеу бар



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен әлеуметтік-экономикалық даму жөнінде жиын өтті. Жиында облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндама жасады.

Жыл басынан бері екі айда облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары 102,6 млрд теңгенің өнімін өндірді. Тамақ өнімдерін өндіру 3,2 процентке,

жеңіл өнеркәсіп 6,0 процентке, өзге де бейметалл минералдық өнімдерді өндіру 2,2 есеге, жиһаз өндіру 31,4 процентке, машиналар мен жабдықтарды

жөндеу және орнату 8,1 процентке артуы есебінен өңдеу өнеркәсібінде өсім 9,1 процентке қамтамасыз етілді (24,1 млрд теңге өнім өндірілді).

Есепті кезеңде өңір экономикасына 25,3 млрд теңге инвестиция салынды, бұл 2020 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,8 процентке артық. 2,5 млрд теңгеге құрылыс жұмыстары орындалды немесе 2020 жылдың

тиісті кезеңіне 129,6 процентті құрады. 99 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, 2020 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда НКИ 101,9 процентті құрады.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 8,8 млрд теңгені құрап, 2020 жылдың сәйкес кезеңіне 2,2 процент өсім қамтамасыз етілді. 2021 жылдың 1 наурызына 8111 жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде 1264-і тұрақты жұмыс орны.

Биыл индустрияландыру бағдарламасы аясында облыста жалпы құны 48,5 млрд теңгені құрайтын, 506 жұмыс орны құрылатын 4 жобаны іске асыру жоспарлануда. Олар – «Табақша шыны шығару және өңдеу зауыты құрылысы» («Orda Glass Ltd» ЖШС), «Қуаттылығы жылына 1500 тонна құс етін өндіру» («Қармақшы құс» ЖШС), «Ас тұзын өндіру» («Аралтұз» АҚ), «Түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығару өндірісі» («Qazaq Qamel» ЖШС).

Аймақ басшысы әлеуметтік-экономикалық даму тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер ететін атап өтіп, бірқатар тапсырма берді. Қала және аудандарда өндірісті дамытуды, су тапшылығы жағдайында ғылымның озық жетістіктерін енгізуді жүктеді.

Суды үнемдеуге басымдық беріледі

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың жетекшілігімен жергілікті диқандардың көктемгі дала жұмысына дайындығы пысықталды. Су мәселесінің жыл өткен сайын күрделенуі күршілік көлемін біртіндеп кемітуге әкеп тіреп отыр.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Қазіргідей уақытта ақмаржанды мал азығы түріндегі дақылдармен, көкөніспен алмастырған орынды. Өйткені жылда қайталанатын су тапшылығы әлі де қос бүйірден қысып тұр. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаевтың айтуынша, биыл 188,2 мың гектар жерге тұқым себіледі. Оның 84,4 мың гектары – күріш.

Егісті әртарапандыруға, суды үнемдеуге бағытталған жобаларға басымдық беріледі. Соңғы жылдары қызанақ, жоңышқа, бидай, көкөніс егуге

көбірек көңіл бөлініп келеді, – деді ол.

Әсіресе, егінді жаңбырлатып, тамшылатып суаруға, аквагель көмегімен өнім өндіруге ерекше назар аударыла бастады. Мысалы, шаруашылықтар Жаңақорған ауданында 3 мың гектар жерге тамшылатып суару арқылы қызанақ, Шиелі ауданында 10 мың гектар алқапқа жаңбырлатып суару әдісімен жонтыққа егіп, оң нәтижеге қол жеткізгені белгілі.

Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрымбетовтің сөзінше, қазіргі күні Сырда-

рия өзені бассейнінің үлкен су қоймаларындағы су мөлшері 13,7 млрд текше метрге жуық. Яғни өткен жылмен салыстырғанда 3,1 млрд текше метрге кем.

«Шардара» суқоймасында – 4792 млн, «Көксарай» су реттегішінде 1404 млн текше метр су бар. Бұл да аз. «Көкбулақ» су бекетіне секундына орта есеппен 581 текше метр су түсіп жатыр, – деді инспекция басшысы.

Өзбекстан мен Қырғызстан синоптикерінің болжамы да көңіл көншітпейді. 2020 жылдың 1 қазаны мен 2021 жылдың 1 наурызы аралығындағы жауын-шашын көрсеткіші былтырғыдан шамамен 15-20 процентке төмен. Соған қарағанда биылғы вегетациялық кезеңдегі жағдай аса қуанта қоймайтын секілді.

Аймақ басшысы су жетіспеушілігіне байланысты егін

алқабының мақсатты пайдаланылуына ғарыштық мониторинг арқылы бақылау жүргізетінін жеткізді. Сондықтан күршілік артығымен егуге жол жоқ.

Мемлекет басшысының орман қорында – 2 млрд, елді мекендерде 15 млн ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасына сәйкес 21 наурызда «Мекенім – жасыл орным», «Бұл – менің ағашым» акциялары, «Таза табиғат» жобасы жүзеге асырыла бастайды. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бауыржан Шәменов игі шаралар өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға, көркейіп-көгалдануына көмектесетінін атап өтті.

Облыс әкімі тазаалық шараларына ұйымшылдықпен қатысу туған жердің табиғатына бейжай қарамайтын әрбір азаматтың парызы екенін айтты.

Қызылорда облысы әкімінің аппаратында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке мәселелері бойынша онлайн-қабылдаудың 2021 жылдың 2-тоқсанына арналған кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Әбдіқалықова Гүлшара Наушақызы	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Сүлейменов Серік Жүсіпұлы (энергетика, газбен қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ауызу, құрылыс, жол мәселелері, Төртатам және Ақай елді мекендерін дамыту туралы)	Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқаушы» кешеніндегі арнаулы өкілі	Әр айдың 2-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Тілешев Нұрлан Шаймерденұлы (әлеуметтік-экономикалық даму, бюджеттік жоспарлау, салықтар мен төлемдер, индустриялық-инновациялық салалар бойынша, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Ахмет Серік Әбдіқалыұлы (ішкі саясат, қоғамдық саяси ахуал, мемлекеттік тіл, мәдениет, дене шынықтыру, спорт және жастар саясаты, отбасы және әйелдер, денсаулық мәселелері)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаханов Бахыт Дүйсенұлы (ауыл шаруашылығы, жер және су қатынастары, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын пайдалану, азық-түлік қауіпсіздігі, мемлекеттік сатып алу мәселелері туралы, білім, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптары туралы)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 1-ші жұмасы	Белгіленген уақытта

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімінің сымаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Бейбарыс Сұлтан көшесі №1, 1-қабат, №139 бөлме. Анықтама телефоны: 40-11-91(7046).

Қызылорда облысы әкімінің аппараты

● ҮНДЕУ

Сақтық шаралары назардан тыс қалмауы керек

Құрметті қызылордалықтар! Сіздерді Ұлытың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтаймын. Биыл Наурыз мейрамы әдеттен тыс жағдайға тұспа-тұс келіп отыр. Пандемияға айналған коронавирустың кенінен таралуы бұл мейрамды карантиндік режимде атап өтуді талап етуде.



Бүгінгі күні Қызылорда облысы коронавирус инфекциясының эпидемиологиялық бағалау матрицасында «жасыл» аймақта. Дегенмен, COVID-19 инфекциясын жұқтыру жағдайлары күн сайын тіркелуде. Өкінішке орай, карантин талаптарын бұзушылықтар әлі де азаяр емес. Жыл басынан бүгінгі күнге дейін 99 карантин талабын бұзушылық анықталды. Оның басым бөлігі халыққа қызмет көрсету орындарында анықталса, үй жағдайында той жасау фактілері де толастар емес. Карантин талаптарын бұзушылықтар кәсіпкерлік нысандармен қатар, білім беру, медициналық ұйымдар мен мемлекеттік мекемелерде де орын алып отыр. Сақтық шаралары ғана індетті тоқтата алатындығын естен шығармауымыз керек.

Өңірімізде карантин талаптары кезең-кезеңімен жеңілдетілгенімен, бірқатар шектеулер әлі де сақталуда. Солардың бірқатары

– ойын-сауық іс-шараларын, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге, мерекелік корпоративтерді ұйымдастыру мен өткізуге тыйым салынады.

Алдағы Наурыз мерекесі мен демалыс күндері халық көп жиналатын орындарға бармауға, ұжымдық іс-шаралар өткізбеуге және қатыспауға, суық тигізіп алмауға, індеттің алдын алу шараларын сақтауға шақырамын. Елдегі эпидемиологиялық жағдай әрқайсымызға байланысты. Сондықтан маска тағып, әлеуметтік арақатыстық пен қарапайым гигиена талаптарын сақтауларыңызды сұраймын.

Динара ЖАҢАБЕРГЕНОВА, облыстық бас мемлекеттік санитариялық дәрігері

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Өткен ғасырдың 70-80-ші жылдары басталған Әмудария мен Сырдария өзендері арнасының антропогенді қысқаруы мен негізсіз су шығындары салдарынан Үлкен Арал теңізі бір ұрпақтың көз алдында тартылды. Қызылорда облысы көлеміндегі орташа ылғалдылық 18% дейін төмендеп, жер асты суының деңгейі төмен түсуіне байланысты Сырдарияның төменгі ағысындағы үш мың көлден, қазір 130-дайы ғана сақталып қалды. Нәтижесінде жайылымдықтардың төрттен бірі өнімділігі күрт төмендетіліп, 3 млн тоннаға дейін шөп өсетін табиғи шабындықтардан іс жүзінде айырылып қалу қаупі төніп отыр, жойымды жерлердің 13% жуығы табиғи өнімділігін жоюып алды, аймақта шөлейттену процесі күшеюде.

Тек, Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТ) жобасы Қызылорда облысының экологиялық жағдайын жақсартып Кіші Арал 15 млрд текше метрден 27 млрд текше метрге жетті. Өңірдегі көптеген биологиялық түрлер қалпына келіп, суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етуі жақсартылып, отыз мың гектардан асатын бірнеше ірі көлдердің қалпына келуіне, балық шаруашылығының дамуына мүмкіндік беріп отыр.

Алайда кейінгі жылдары Қызылорда аймағында су тапшылығына қатысты қиын жағдай қайта туындады. Қызылорда облысының жер қорында 230 мың га суармалы, оның ішінде инженерлік жүйеге келтірілген 180 мың га жер бар. Суармалы жерлер жыл сайын кепілді өнім беретін, қайтарымы жоғары ауыл шаруашылығының алтын қоры ғана емес, ол – сол өңірлерде тұратын халықтың өмір-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы, тағдыры. Осы суармалы жерлер тек каналдарды толтыру арқылы ғана егістікті суландырады. 15 мың шақырымнан астам каналдар шаруашылық ішілік суармалы және қашыртық жерлері гидротехникалық жүйелер күйреудің алдында тұр. Осының барлығы судың барынша тиімсіз жұмсалынуына, яғни жыл сайын 2 млрд текше метр су босқа ысырап болатындығын көрсетеді. Қызылорда облысындағы суармалы жерлердің елдегі жалпы үлесі 16% құраса, республикадағы су ағымының 43% тұтынады. Оның ішінде күріш егісінің көлемі 90 мың га жетті. 1 га күріш алқабына 33 мың текше метр су жұмсалы керек, 90 мың га 3 млрд текше метр су қажет.

Қазір Кіші Арал теңізінде 22 млрд текше метр су бар. Ол алдыңғы жылдарға қарағанда 5 млрд текше метрге азайған. Тек былтырғы жылдың ішінде су тапшылығынан Қамбаш көлі жағалаудан 250-300 метрге дейін қашықтат кетті. Кіші Аралдың осы деңгейін ұстап тұру үшін жылына Сырдария өзені арқылы кемінде 2 млрд текше метр су түсу керек. Күріш пен басқа да егінге 4,2 млрд текше метр су жұмсалады. Демек, алдағы 5-7 жыл бойы Сырдария суының деңгейі осы деңгейде болатын болса, Кіші Арал теңізі тартылып, өңірді экологиялық апатқа алып келеді деген сөз.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Сырдария өзенінің тағдыры – 800 мың халық тұрып жатқан Сыр елінің тағдыры. Су – тек тауар емес, өмірлік ресурс. Тәуелсіздік алғаннан кейін әр мемлекет бөлек саясат ұстанып, көп жағдайда төменгі жақта орналасқан елдердің мүддесі ескерусіз қалды. Сондықтан да, біріншіден, еліміздің су қауіпсіздігі үшін жоғарыда орналасқан өзендердің судың келуін қажетті уақытта реттеу келісіміне қол жеткізуде қандай кедергілер бар екені жіті зерттеліп, трансшекаралық су мәселесінде позициямызды әлсіретпей, су дипломатиясы бағытында жұмыстар белсенді түрде, яғни, еліміздің су мүддесіне қарай екі жақты келісім, халықаралық заңдылықтардың барлық әлеуетін пайдаланып жүргізілсе дейміз.

Екіншіден, осыдан 17 жыл бұрын қабылданған еліміздегі су ресурстарын басқару заңы қазіргі талаптарға жауап бере алмайды. Сондықтан да, суды пайдаланудың жаңа тұжырымдамасы жасалып, ол тек суға қажеттілікті реттеп қоймай, су нысандарымен байланысты табиғи экожүйелерді сақтап, суды үнемдеуге ынталандыру үшін тұтыну саласындағы тарифтерді қайта қарап, озық технологияларды енгізуге мұрындық болуы тиіс.

Үшіншіден, еліміз бойынша күріш саласындағы селекция жасайтын жалғыз Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ ғалымдары су ресурстарын үнемдеу мақсатында, суды аз талап ететін вегетациялық қысқа кезеңдегі күріш сорттарын шығарып, өндіріске енгізумен қатар, күріштің үлесін азайтып, суармалы жерлерді әртарапандыру дақылдарын орналастыруға қатысты ғылыми негізделген ұсыныстар жасауда. Бірақ ҒЗИ-ға мемлекет тарапынан қаржылай көмек көрсетілмесе, ол банкрот болудың алдында тұр.

Төртіншіден, алдағы болжамдар су тапшылығы күрделене түсетіндігін көрсетеді. Бұл – Қызылорда облысы үшін үлкен қауіп. Мәселені қалай шешу керек? Орасан зор су қажет ететін күріш алқабын қысқарту қажет пе, әлде Сыр өңірінің ауыл шаруашылығын тез арада әртарапандыру үшін тиімді тетігін жасау керек пе? Үкіметтің нақты ұстанымы қандай?

М.БАҚТИЯРҰЛЫ, А.ӘЛНАЗАРОВА, Н.ЖҮСІП,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары

Наурыз тұжырымдамасынан не күтеміз?



Ырыс пен тоқшылық мерекесінің мазмұнын байыта түсу туралы Мемлекет басшысы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында жазған еді. «Халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, біріліміз де соғұрлым бекем болады», – делінген онда. Наурыздың рәсімі мерекелік ретінде аталып өте бастағанына 30 жылдан асты. Бірақ бұл ас ішіп, аяқ босататын кез емес. Оның орнына ағаш отырғызу, қоршаған ортаны тазарту сияқты қарапайым істерге жұмылған жарасымды.

Тұжырымдама шеңберіндегі шаралар шымдылығының Көрісу күнімен түрілуі тегін емес. Өйткені қазақ «тоғыс» деп атаған Ай мен Үркердің қиылысу сәті 14-15 наурызға сәйкес келеді. Ел аузындағы әңгімелерде қыс бойы ұйқыда жатқан баллақ оянып, інінен басы қылтып шығатын шақ осы. Тіпті шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа, жан-жануар, тіршілік атаулыға жан бітіп, көктемнің белгілері көрінеді.

Облыстық тарихи өлкетану музейінің бөлім басшысы Әйгерім Бекқұлы Көрісу күні – Наурыз мейрамы атрибуттарының бірі екенін айтты.

Халық қыстан аман-есен шыққанына, көктемге аяқ басып, туған-туыс, көрші-қолаңмен жүздескеніне ұнанып, қол алысып, тес қағысады. Өзара араздықты, өкпеншіті кешіреді. Елдің батысында жақсы сақталғанымен, бұл – бүкіл қазаққа ортақ мереке. Бірақ саяси себептерге байланысты өткен ғасырдың отызыншы жылдарына

қарай ұмытылды. Өзіміз Наурызбен 62 жылдан кейін ғана қауыштық емес пе?! – дейді ол.

Иә, Наурызды туғырына қондырған тәуелсіздігіміз еді. Әйтпесе, оның кемі бес мыңжылдық тарихы барына ешкімнің таласы жоқ шығар. Ұлық мерекені неге 22 наурызға әкеп тірейтінімізді түрлі аңыз-әпсаналарға сүйеніп дәлелдеуге болады. Соның біріне қарасақ, атақты астроном Ұлықбектің обсерваториясындағы көк тас дәл осы күні күн сәулесі түсіп, жібиді екен. Араздасқан адамдар салт бойынша бір-бірінен кешірім сұрауы және бірін-бірі кешіруі тиіс. Кешімеген жағдайда «бұл күні Самарқанның көк тасы жібиді, сен тастан да қаттысың ба?» деп тоқтатады екен.

Аңызға сүйенсек, жер-жаһанды топан су басқанда Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауының басына кеп тоқтайды. Сол уақытта күн мен түн теңескен көрінеді. Келесі деректе 21 наурыз күні түнгі сағат 3-тер шамасында жастар өзгезе сылдырмақ байлап, сонымен ауылды аралайтыны айтылады. «Жаңа күн келді!» деп шулап, сылдырмақтың даусы шыққанда жұрт ұйқысынан оянады-мыс. Әйелдер жағы қазан көтеріп, наурызкөже пісірген, – дейді журналист Сәкен Алдашбаев.

Тағы бір аңызды тарқатайық. Күн мен түн теңелгенде ерекше бір гүл көкті жарып өтуі тиіс екен. Оны «әз» деп атайды. Көшпенді қазақ халқы: «Оны қой ғана біледі. Егер күндіз өтсе, қой арқылы қойшы ғана аңғаруы

мүмкін», – деп жорамалдаған. Ерекше гүл 22 наурызға дейінгі үш күннің ішінде естіледі-міс.

Әріптесіміз Наурыз мерекесінің төңірегінде салт та, дәстүр де, ғұрып та қалыптасқанын жеткізді. Тек оның озығы мен тозығын ажырата білген орынды. Мысалы, «наурызкөжені тауысып ішкен адам жыл бойы тоқ жүреді» дегеннің басқа да қыры бар.

– Бір жағынан бұл «адам ауқаттанып, әбден әл жинап алсын» дегенге саяды. Сөйтіп, адамдар талегу, айналаны қоқыстан тазарту, бұлақтың көзін ашу сияқты жұмыстарға жұмыла кіріскен. Екінші себебі – теңсіздікті жою. Кешеге дейін қазанды көп болып көтеріп келді. Ортақ ыдысқа көршілердің бірі аз, бірі көп үлес қосуы мүмкін.

Сондықтан мұны бірінен-бірі өзін өктем санамасын немесе қысылып-қымытырмасын деген әдептен туған ырым десе де болады, – дейді С.Алдашбаев.

Былтыр Қазақстанда коронавирус пандемиясы жарияланып, билік адам жинап, бұқаралық шаралар өткізуден аяқ тартты. Ел әлі елең-алаң күйде. Сондықтан мерекелік шаралардың дені биыл да онлайн форматта болмақ. Оффлайн түрде ұйымдастырған жағдайда әлеуметтік қашықтық сақтау, медициналық маска тағу сияқты карантин талаптарын орындау міндет.

Түркі жұртына ортақ мейрамды бір ізге түсіріп, оған жалпыхалықтық сипат беру қажеттігі көптен айтылып келеді. Президенттің арнайы тұжырымдама әзірлеу туралы тапсырмасы

Тағы бір аңызды тарқатайық. Күн мен түн теңелгенде ерекше бір гүл көкті жарып өтуі тиіс екен. Оны «әз» деп атайды. Көшпенді қазақ халқы: «Оны қой ғана біледі. Егер күндіз өтсе, қой арқылы қойшы ғана аңғаруы мүмкін», – деп жорамалдаған. Ерекше гүл 22 наурызға дейінгі үш күннің ішінде естіледі-міс.



Рухымыз нұрлансын

Наурыз – төрт мезгілдің қасиетті шағы. Әрбір адамның жақсылыққа қарай қадам басатын мезеті. Осы күні өз қолымызбен қоршаған ортаны жасартып, қурап қалған тал-теректердің орнына көшет отырғызамыз. Қыдыр атаның бейнесінен береке тілеп, Жаратушы Иеден игілік сұраймыз. Наурызкөжеге берген аталардың ақ батысынан қуат алып, ойын-сауық қыздырамыз.

Самарқанның көк тасы еріп, дүние дидары жасаулы қыздай әсемденеді. Бұл айда табиғат бусанып, қыста жер тоңына жасырынған жәндіктер оянып, төрт түлік көк қуалап, төрміз сәуленіп тұрады. Жылы жаққа кеткен құстар туған мекеніне оралады.

Ғажайып шақта барлық тіршілік иелері секілді адамдар да ерен көңіл-күйге кенеледі. Бір-бірімізге жақсы ниетпен ақжолтай тілектер ағытамыз. Құшақтасып көрісіп, жақынан соққан жүрегіміздің ыстық табымын рухымыз нұрланады.

Қадірлі Сыр елім, келген сиыр жылы құтты болсын, еліміздің еңсесі биіктей берсін. Халықты күйзелткен дерт пен қиындық өткен жылда қалсын. Әр әулеттің ақылшысы, ел-жұрттың тілекшісі ардагерлерімізге көрген бейнеттің зейнетін тілеймін, көптің мүддесін арқалаған ат үстіндегі азаматтарымыз аман болсын, жарқын ертеңіміздің егесі жастарымыз жасай берсін.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Не берсең, соны сауып аласың

Сиыр сегіз мың жыл бұрын қолға үйретілген. Ең көп таралған сүтқоректілер санатындағы бұл жануарды ерекше қадірлейтін, тіпті оған табынатын елдер де бар. Мысалы, Африкада «патшадан кейін сиыр маңызды» деген мәтел бар екен. Үнді халқы үшін сиыр – ең қасиетті жануар. Оны өлтіргендер түрмеге қамалады. Ал Кубада мұндай қылмыс жасаған адам өлім жазасына кесілуі де мүмкін. Етің ең көп тұтынатын – Аргентина, ең көп өндіретін – АҚШ.

Сүтінің дәмі сиырдың немен қоректенгендігіне байланысты екен. Бір сөзбен, немен жемдесең, соны сауып аласың. Осы бір момын жануар туралы қызықты деректерге шолу жасап көрсек:

- әлемдегі ең ірі сиырдың салмағы 2,25 тонна;
- бір минут ішінде жүзге жуық күйсеген сиырдың қимылы қоянның қимылымен бірдей екен;
- бұқаға қызыл түс мүлдем әсер етпейді, бұқа қызыл матаға шаппайды. Бұл жануар түсті мүлдем айыра алмайды;
- сауын сиыр өз өмірінде орташа алғанда 200 мың стақан сүт береді;
- сиыр адам немесе дельфин секілді жылайды;
- сиырлар орташа алғанда 20 жылдай, бұқалар азырақ – 15 жылдай жасайды;
- әлемде тіршілік ететін сиырлардың жалпы салмағы бүкіл адамдардың салмағынан үш есе артық;
- бұл тіршілік иелері 11 түрлі интонациямен мөңірей алады;
- сиырға ат қоюға болады, өйткені ол атын есіне сақтап, дауыстап атағанда елдендеп, мысалы, ат сияқты байланыс орната алады;
- сиыр өзі жақсы көретін адамды тілімен жалағанды ұнатады, қожаынын танып, түрін есіне сақтай алады;
- бұзауын екі жасқа дейін емізеді;
- сиырдың көзі айналасын толық жан-жақтан көреді.

1-бет

Наурызнама той қылатын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Әлеумет сол балықтарға қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде екінші жағына қарай аунап түседі екен. Сонан соң патшалар дауылпаз қағады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» деп. Сегіз күн ұдайымын қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді екен.

Бұл тоғыс қандай тоғыс?

Қазақша жыл қайыру бойынша келер жылдың иесі – сиыр. Тышқан жылынан кейінгі мүшел есебінің екінші жылы. Тарихта көбіне дау-жанжал, қиындық, ауыртпалықпен есте қалған деседі. Бұл жылы сәтсіздік болса, халық «бұл тоғыс – ауыр тоғыс қой» деп жұбанады екен. Ежелгі замандарда кей халықтар сиыр санымен адамның байлығын өлшепті, яғни, сиыр ақша орнына жүрген.

Ал, қазақ үшін аса қадірлі болмаған ба деген ойға қаласың. Оған қазақтың «Сиыр – пул, қатын би болған заман» деген сөзі айқын дәлел іспетті. Тіпті тек сиыр ғана бар үйлерді де кедейлердің қатарына қосса керек. «Сиыр бақтым – сидаң қақтым» дейді. «Сиыр сүйкенбей жүрмес», «Сиыр сипағанды білмейді», «Сиыр тілінен қыршаңқы болады» деген сияқты мақал-мәтелдер де көп. Дегенмен қиын замандарда кедей отбасын жалғыз сиыр асырайтын болған. Күздікке дейін сүтін ішіп, төлін соғымға сойып алып қыстан аман шыққан. «Сиыр сауған шөлдемес» деген мәтел сыры да сол болса керек. Қазаққа Сиыршы деген ру да бар. Жалайыр тайпасының сырманақ тармағынан тарайды.

Кей деректерде сиыр жуас, момын болғандықтан жақсы, жайлы, мамыражай жылдардың бірі саналады. Бұл пікірқайшылықты этнограф Жамбыл

Сиыр жылы туралы сыр



Артықбаев жыл қайыру дәстүрі мен оған қатысты болжамның тарих қойнауына кеткенімен байланыстырады. Оның пікірінше, қазір олардың орнын нумерологтар басқан. Негізінен, сиыр жылы дәл мынандай болады деген пікір тарихи еңбектерде жоқтың қасы екен.

Қазақ атауын қайтарып алған жыл

Жыл қайыру – халық дүниетанымымен бітеқайнасып кеткен үрдіс. Ертеден әр жыл иелерінің мінезіне, қасиеттеріне қарай келер жылдың қандай болатынына болжам жасалған. Елдің, жердің ахуалы, күн райы қалай құбылатыны болжанған. Сиыр қазақ тарихындағы маңызды оқиғалардың жылы деуге болады.

Азаттығымыздың айшықты белесі

Кең өрісте шұбырта айдап бағып, кеш болған соң қотанға өзің қама дейтін сиыр малы – тұрақты мекенде тұратын түлік. Сондықтан болжам атаулының барлығы шаруа еңбегі жемісті болып, өндіріс өркен жаятынын айтады. Баспана мәселесіне қатысты көптеген күрмеулі мәселелер шешімін табады деген де долбар бар. Тарихи деректерге көз салсақ, бұған дейін де 1720, 1820 жылдары оба, испан тұмауы сияқты әртүрлі дерт әр ғасырда қайталанып отырған екен. Содан кейін жаңа бір дәуір басталып отырған. Расымен де, адамдар қиындық туған шақта өзгерді. Ішкі түйсігі дамиды, өзіне расымен не керек екенін нақты сезіне бастайды. Табиғатты да аялауды еске түсіреді. Бетперделі жылдың бейнетін, қиындықтарын да соған жорыған жөн болса керек. Ауыртпалығы мол жылды артақ тастап, үмітпен, сеніммен жаңа жылға қадам бастық. Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Азаттығымыздың айшықты белесіне тура келген жаңа тоғысы толымды табыстар дәуірінің басы болады деп сенейік.

Биболат СӘТЖАН, «Сиыр бойы»



1-бет



Жан дүниесінің жеңірі жаңа,

Шапағат шаттығымыз ортаймасын



Тіршілік түлеп, адамдардың жан-дүниесі жаңғырып жатқан осы күні мәдениет қызметкерлері өзінің өнерімен, өзгеше реңімен баршаның қуанышына ортақтасып, шаттық күйін төгеді, қуанышын әуенін асқақтатады. Сол арқылы елмен жүрегі де, тілегі де бір екенін паш етеді.

Өткен жылы еліміз қиын кезеңді бастан кешті. Әлемге тараған дерт қадамымызды қысқартып, халықпен емен-жарқын араласуымызды шектеді. Алайда, соған қарамастан мәдениет пен өнер өкілдері елдің көз алдында болды. Әлеуметтік желі мүмкіндігін пайдалана отырып, айтулы оқиғаларда жоғары деңгейде насихаттау жұмысын жүргізді. Ұлттық өнер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімдердің мәнін ашып, мағынасын түсіндіретін айдарлар тұрақты түрде жұмыс жасады.

Халықтың рухын көтеретін, жанына шуақ құятын мұндай игілікті шаралар жалғаса беретін болады.

Құрметті жерлестер, мезгіл есігінен енген сиыр жылы құтты жыл болсын! Наурыз шапағаты баршамыздың берекемізді арттырсын!

Мира АБУОВА,
облыстық мәдениет,
архивтер және
құжаттама басқармасының
басшысы.

Тау мен теңіз арасы сұлу Сырда өз Наурыз

«Наурызды неге наурыз айы келгенде бастаймыз? Ұлттық киімді ұлықтауға тура осы айды ғана күтеміз бе? Ұлыстың ұлы күнін тек ата-баба киімімен нақыштайтын болсақ, онда менде 365 күн наурыз. Өйткені, мен ұдайы қазақы нақыштағы киім киемін. Бұл белгілі дизайнер, «SAPA» жеңіл өнеркәсіп орталығының жетекшісі, қызылордалық Аида Керімқұлованың сөзі.

Сb Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Кейінгі жылдары Наурыз мерекесін жаңаша өткізу туралы пікірлер айтылып қалып жүр. Бұл дұрыс та, өйткені мерекеді көбіне клуб ішінде концерт көріп, наурызкөжеден ауыз тиіп қана қайтамыз. Одан қалса, жылдағы салт-дәстүрден қойылым беріп, спорт түрлерінен шағын жарысты тамашалаймыз. Бітті, осымен тәмам. Айтпақшы, бұл карантин болмай тұрып жасалатын, жылдағы қайталама көріністер. Ұлыстың ұлы күнін шынайылықпен тойлау әлі де жетіспейтіндей.

Мақала басында айтып өткендей, қазақ екеніміз, қазақша киініп, салт пен дәстүрді ұлықтауға тура 21-22 наурызды күтетіндер бар. Бірақ, осы жерде мұндай қатып қалған сеңнің шетін жұқалап бұзып жүргендерді де жоқ дей алмаймыз. Әсіресе, қазақылықтың қаймағы саналған ауыл дейтін қасиетті өлкеде Наурыз мерекесін ай бойы атап өтетіндер бар.

Тойлайды деуіміз артық болар, бұл жерде даңғаз мен шу қылып, аста-төк тамақ таратып жатқан олар жоқ. Тойлаудың да әдебі бар. Бірер жыл бұрын Арал мен Жаңақорған арасындағы жұрттың бұл мерекеге деген шын ықыласын байқап, жазғанбыз да. Еске түсірсек.

Теңіз жағалай жатқан аралдық ағайын Наурыз мерекесін жылда ерекше атап өтуге тырысады. Дарияның төменгі сағасындағы шағын ауылдар қыс бойы сақтаған дәмін ақтара төтетін кезі де осы. Күн жылт етіп, тоқсан шыққан уақытта қонаққа бір-бірін шақырып, тұйе еті мен ауға күздікүні түскен жайынның сүрленген бел кеспесінен ақсақалдарына дәм таттырады.

Ал мен туған ауыл – Жаңақұрылыста 21-нен 22-ші наурызға қараған түні ауыл жастары кешкі сауық ұйымдастыратын. Мұнда ән де, би де кештің көркі болуымен қатар, алтыбақан құрылып, жеңге мен қайны немесе жігіттер мен қыз балалар қосыла тербетіліп, ән шырқайды. Ұлттық ойындар, оның ішінде, «аксүйек» ойыны жыл сайын ойнатылады. Қарулы жігіт алыстата сермеп лақтырған сүйекті табу кімге де оңай емес. Топтасқан жастар арнайы белгісі бар сүйекті ұзақ іздеп, жүлдені жеңіп алуға тырысады. Түн ауғанша жастар ұйымдастырған сауық жалғаса береді. Ал ертеңіне жаңақұрылыстықтар жылдағы дәстүрмен Наурыз тойын көпшілік болып тойлайды.

Аралдан берірек жатқан Қазалыдағы көп ауылда мерекелік ән-биден бөлек, спорттық жарыстарға басымдық мол беріледі. Айдың ортасынан бастап әр көше жастары волейболдан турнир өткізіп, тұрғындар жаяу жарыстан марафонға қатысады.

Көшелер сайысы мұнда керемет өтеді. Әр көшеде өнер сайыстары ұйымдастырылып, жылдағы дәстүрмен өнерлі отбасы анықталады. Жас отбасылар арасында ұлттық ойын – арқан тартыстан жарыс өтіп, білегі мықты жас жігіттер әр көше атынан аударыспаққа да қатысады. Тағы



бір ерекшелік, ауылда әр көшеде бір адам семіз, ту қойды көтеруден сайысқа түсіп, ұтқан ауыл тұрғыны сол қойды өзімен бірге алып кете беретін.

Айтпақшы, көпшіліктің санасында «ұлттық киімдер тек Наурыз мерекесінде ғана киіледі» дейтін теріс пікірді жоюға ұмтылғандар бар. Біздің байқағанымыз, үш жылдан бері қазалылық ұстаздар ұлттық киімді ұлықтап жүр. Иә, аудан бойынша барлық мектеп мұғалімі мен оқушылар наурыз айында тек қазақша киінеді.

Ал Сырдың оңтүстік беткейі наурызды тіпті бөлекше тойлайды. Арнайы күнді күтпестен Жаңақорған халқы көше-көше арқылы бір-біріне дәм таттырады. Ақсақалдардың батасы да ерекше. Мұндайда жас жігіттер дуалы ауыздан құр қалмауға ұмтылады.

Жаңақорғанда өзге аудандарға қарағанда көк ерте шығып, жұрт көктем лебін ертерек сезінетіні рас. Сондықтан болар әр ауылда өтетін Наурыз думаны ерекше. Мереке жақындаған сайын ауыл келіншектерінде де тыным жоқ. Олар бір үйге жиналып, бір ауылға жететін дастарханның қамын жасайды. Шара-шара бауырсақ пісіреді. Тәттілер мен салаттың түр-түрін дайындайды.

басталады. Себебі, ауылдан түлеп ұшқан азаматтар Наурыз мерекесін тойлауға республиканың түкпір-түкпірінен ағылады. 1989 жылы Наурыз мерекесін жаппай тойлау басталғанда алғаш болып мерекелеген жаңақалалықтар өз ауылында салт-дәстүрдің қаймағын бұзбай өткізді. Отыз жыл бұрын басталған Наурыз мейрамын 1947-1948 жылғы туған ауыл азаматтары қолға алып, демеушілік жасаған. Бұл дәстүр әлі күнге дейін жалғасын табуда. Жыл сайын өз кезегінде әр жылғы туғандар мерекені өткізу міндетіміз деп біледі.

Әз Наурызда туған жерге тағзым жасайтын жаңақалалықтардың осы дәстүрі өзгелерге үлгі боларлықтай. Дұғ осы жұрт секілді «елге болсын, туған жерге тарту жасаймын» дейтіндер басқа ауылдарда да көбейіп келеді. Жер-жерді аралап жүрген біз де бұны жиі байқаймыз.

Сырдария, Жалағаш – бір-біріне тым жақын жатқан ел. Ауылдары да көрші орналасқан. Индет болмай тұрып, мұнда ақшаңқан киіз үйлер тігіліп, орталық алаң сахнасы мерекеге сай безендірілетін. Мерекелік көңіл-күйдігі жұртшылық бір-бірімен құшақ айқастырып, бір-біріне жұмыс тілектерін жеткізіп жатады. Арнайы театрландырылған көріністен бастау алған ұлық мереке

күміс көмей әншілердің, күйшілер мен мың бұралған бишілердің өнерімен кешке дейін жалғасады. Ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өткізіліп, білегі мықты палуандар мен тас көтерер толағайлар арасынан мықтылар анықталып, ел ақсақалдары бата беріп, арнайы жүлдемен марапаттайтын.



Жаңақала деген ел бар. Қазіргі атауы батыр Тәйімбет Көмекебаев атындағы ауыл. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында елде қарбалас

Сөз соңында. Иә, ауылда Наурыз ерекше тойланады. «Әттеген-айы» бүгінде індеті құрғыр әзірге тұсау. «Күнжаманы кетеді». Әлі де «Ұлыстың ұлы күні қазан болса, сол күні ақ мол болар» деп, тайқазанда наурыз көже пісіріп, енді біріне қыстан қалған сүр етті асып, халық болып тойлаудың да сәті қайта оралар. Қариялардың өнегелі әңгімесін де есту бұйырары анық.

Наурызды ұлттық нақышты киіммен орталықты бір айналып келу деп түсінсеңіз, онда биылғы карантиндік шектеу сізге мейлінше мүмкіндік бермесі анық. Мұндайда қайтпек керек?! Біз де хал-қадірімізше ұсыныс айтып көрсек.

Әзірге отбасы болып, өз үйіңізде жеті түрлі дәмнен жасалған көжені тойып ішіңіз. Тойып ішсеңіз, келесі жылға дейін тоқ жүресің деген сөз бар. Одан бөлек, жеті атаны түгендеп, шешіре жаттау, ата-тек айыру және салт пен дәстүрдің мән-маңызын кішкентайларға тағы ұғындырып қойыңыз. Тіпті, қайталап болса да. Туған өлкедегі жер-су аттарын ұғындырып, тарихи орындарға отбасы болып саяхат жасауға да тамаша мүмкіндік.

Жаратылысқа осылайша әр беріп, тіршілікті түлетіп сала беретін көктем, Жыл басы, қандай ғажайып, ә!

Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, Наурызнама қыламыз деп тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен.

Абай

Қожа, молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, Құрбан, Ораза айттарын Ұлыс күні дегізіп, Ұлысты – Наурыз дегізген. Жыл басының аты Ұлыс екенінің дәлелі мынау: «Ұлыс күні қазан болса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар» деген – тіпті ескі мақал.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Қайда атақты, асқан бай бар болса, Наурызнаманы сол байға қылдырады екен. Үйсін Төле билердің заманында Наурызнаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

«Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп, кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де маз болып, көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазак арасында қалып бара жатқан секілді, құтты наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында һәр түрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың бірінде, екіншілері тоғызында келеді деседі, һәр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады. Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт кәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді».

Ахмет Байтұрсынұлы



Қайран менің, қараша үйім...

Қазақ қараша үйі деп күзде өзінің сәнді отау үйіне қорғаныш етіп, асу, аяқ-табағын тағы басқа керек-жарағын қою үшін тігетін үйді айтқан. Ыс сіңіп, кір басып, көп тігілгеннен қоңырқай тартқан соң қараша деп атаған. Көлемі де шағын, көп дегенде төрт-бес қанат болған. Қараша үйі жаз отыруға жайлы. Іргесін түріп тастап, аптап ыстықтан паналауға, қоңыр салқында тыныстауға жақсы. Ал, көктемде, тоң түсіп үлгермеген немесе қыстай жауған қардың суына бөгіп тұрған ерте көктемде тігу тіпті керек емес. Бүгінде көп жұрт қазақы киіз үй атаулының барлығын қараша үйі деп ойлайтын сияқты.

Наурыздың қазіргі тойлануы туралы түрліше пікір бар. Тағылымдық мәнін салалап бөліп, бағыттарын айқындап, тұжырымдамасын да жасап тастадық. Пандемия жағдайына байланысты биыл Қызылордада мереке орталық алаңда тойланбайтыны айтылды.

«Сонда биыл қараша үйі тігілмейді ме?» деді бір танысым. Кейбіріміздің көзқарасымыз сондай жайдақ болып кеткен. Ұлттық мерекенің барлығы қараша үйсіз өтпеуі керек деп ойлаймыз.

Наурызды әкімдік ұйымдастырған іс-шара деп қабылдайтындар да

бар. Бірер апта бұрын дайындық басталып, концерт пен спорттық ойындар өтеді. Сосын қараша үйі тігіледі. Бір жағынан қазақтың ата дәстүрін жаңғыртуға талпыныс шығар. Мерекеді жасауын түгендеп, ұлттық нақышта безендірілген үй ішінде тұсаукесер, келін түсіру, басқа

да салт-жоралғылар жасалып жатады. Бірақ ұлттық мерекелердің барлығын қараша үймен байланыстыру қаншалықты дұрыс?

Тағы бір жайт, түстік өңірлерде күннің суықтығынан Наурыз мерекесін сәуір, мамыр айларына қалдырады екен. Қыстың қақ ортасында келетін жаңа жыл қандай ауа райында да тойланады. Ал, 6-7 мың жылдық тарихы бар мерекені тойлаудың дәстүрін аймақтық, облыстық деңгейдегі әкімшіліктер неліктен кейінге қалдырған? Өйткені Наурызды тойлау үшін киіз үй тігу керек. Ал күн жылымай бұл мүмкін емес. Бұл Наурызға деген жалпыхалықтық ынты-ықпалы білдірсе керек. Әйтпесе салтанаты келіскен зәулім сарайлар, тағы қаншама ғимараттар бар. Ұлтжандылығымыздың мерекесін үй тікпей де тойлауға болады ғой?

Б.САҒЫНДЫҚҰЛЫ



Нұрлансын шуағымен Ұлы дала!



Көне зергерлік бұйымдар көрмесі



Мейірімгі мезет қуанышымызды еселесін

Наурыз – керемет мезгіл мезеті, алғыс айту күні, аналар мерекесі, көрісу күні, жыл басы – бәрі де наурыз айында. Бұл айда адам ғана емес, күллі жаратылыс иесі жаңғырып, шат-шадыман күйге бөленеді.

Құрметті Сыр елі халқы, әрбіріңіздің қуанышыңызды еселеп, жер мен көкті нұрландырып жеткен Наурыз мерекесі баршаңыздың отбастарыңызға тыныштығы мен берекесін ала келсін.

Табиғат ананың күллі тіршілікке мейірім танытқан мезеті сіздерді мол ырысқа, зор табысқа кенелтіп, амандық-саулық сыйласын.

Дүниені дүрліктірген дерт келмеске кетсін, алдағы өміріміз тек бақыт нұрын төксін.

Тәуелсіздік кезеңінде еліміз ұлан-асар жетістіктерге жетіп, халқымыздың әлем алдындағы беделі бекемделіп келеді. Тарих біздің осы биік тұғырымызды аласартпасын, ұжданды ұрпағымыз Мәңгілік елдің иесі болсын.

Сыр жылы сыйлы жыл болсын, ақсақалдарымыздың батасы айтқандай, ақ мол болсын, ұлыс оң болсын!

Сағатбек СУЛЕЙМЕН,
облыстық Соттар
әкімшісінің басшысы.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен көркемсурет галереясында зергерлік бұйымдар көрмесі өтті. Көрмедегі көп бұйымның ішінен күмістен соққан атіртуға көзім түсті. Бірден – Жақұттың ақық ашады шекарасын, Киікте мүшкілән бар, феруза тастан, Інжілдің ғалым шешеді шын мағынасын, – деп келетін Ерімбет Келдейбекұлының өлеңі ойға оралды. Ойлап қарасаңыз, мүшкілән – киіктің май бездерінен түзілетін ерекше қош иісті сұйықтық. Ертеде сол қоянның көз жасындай-ақ нәрсені жігіттің жігіті, нағыз саяткер серісі ғана жармай сойып алады екен. Сосын көңілі құлаған сұлуға тарту еткен. Қыз көркіне лайық сый әрі жігіттің сезімін білдіру жолы. Бір жәдігердің өзі ұлтымызда парфюмерияның да болғанын дәлелдеп тұр.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Көрмеде музей қорындағы екі мыңнан астам зергерлік бұйымдардан іріктелген 130 жәдігер жұрт назарына ұсынылды. Кемер белдік, алқа, бойтұмар, сырға, білезік, балдақ, жүзік, қапсырма, шолпы, өңіржиек және тағы басқа бұйымдармен қатар қазақ аруларының кенепке түскен картиналары да іс-шара тағылымын тереңдетте түсті.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырға тиесілі өнімдерді жасау үшін ақық, көгілдік ақық, маржан, інжу сияқты асыл тастар көбірек қолданылған. Ел ішінен ертеректе жиналған жәдігерлер мұражай тарихымен бірге жасасып келеді. Бұйымдардың барлығының дерлік басты материалы – күміс. Мысалы қазақ аруларының гигиеналық заттары топтастырылған композицияда тарақтан бастап, омыраушаға тізілген тіс шұқығыш пен тырнақ тазалағышқа дейін күмістен соғылыпты.

Алғашында бұл заттар қарапайым етіп жасалып, қалтаға салып жүруге арналған. Кейін келе тіс шұқығыштың әйелдерге және ерлерге арналған түрлері жасала бастаған. Әйелдерге арналған тіс шұқығыштарға бірдей үлгіде жасалған құлақ тазалағыштарды

біріктіріп, бір жиынтық етіп кеудеге тағатындықтан кеуде әшекейлерінің қатарына жатқызыған. Бұл бұйымдардың бәрі әр отбасының жағдайына және дәулетіне сай жасалыпты. Әсіресе әйелдерге арналған тіс шұқығыштарға көз қондырылып, үзбеленіп, сіркеленіп өрнектермен безендіріліп жасалған. Ал ерлерге арналған тіс шұқығыштар көбінесе қарапайым дайындалып, қалтаға салып жүруге арналған.

– Мұндай тіс, құлақ тазалағыштардың күмістен жасалуы қазақ халқы күмістің өте табиғи және таза зат екенін ертеден білгеніне дәлел, – дейді музейдің реставрация жұмыстарына атсалысып жүрген зергер Бекзат Жақыпов. Демек тек әдемі әшекей ретінде ғана емес денсаулыққа пайдасын да ескеріп, қолданған.


– Күміс кір жинамайды. Зергерлердің сүйікті материалы.

түрліше құдіретті қасиет берген. Баланы шомылдырғанда суға күміс теңге мен сақина тастап, «Баланың күні күмістей жарық болсын» деуі тегіннен-тегін емес, – дейді шебер.

Қазақ әйелдерінің зергерлік сәндік әшекей бұйымдарының тағы бір тамаша үлгісі – бойтұмар. Балаларымыз ғасырлар бойы тұмар тағудың ғажап үлгісін жасаған. Көрмеде тұмардың тұмарша, қолтықша, бойтұмар сияқты бірнеше түрі қойылыпты. Облыстық музейдің бөлім меңгерушісі Әйгерім Бекқұлы музей қорындағы жәдігерлерден тұмардың өзі бірнеше дәуірді басынан кешіргенін байқауға болатынын атап өтті.

– Ежелде тұмар ретінде өз тотемдерінің бір мүшесі не терісін таққан. Кейін мұсылмандықтың енуіне байланысты тұмарға Құранның аяттар жазып салатын болған. Жаңғырту жұмыстары

әдісі пайдаланылған. Алғаш көргенімізде өте үлкен тұмарды қалай таңғалғанбыз. Тарихын зерттей келе қолтық тұмардың қызық аңыздарын білдік. Сондай аңыздың бірі былай өрбиді. Аспаннан жерге бір жұлдыз ағып түсіп, әдемі қызға айналды екен. Оны көрген балықшы жігіт маған тұрмысқа шықшы деп жалыныпты. Қыз егер мен басымды жуған кезде маған қарамауға уәде етсең, келісемін, деп айтады екен. Жігіт уәдесінде тұрып, олар бақытты ғұмыр кешеді. Бір күні күйеуі әйелі басын жуып жатқанда қарап қояды. Сол кезде әйелінің жаны қолтығынан ұшып шығыпты. Осыдан кейін әйел жаны қолтығынан ұшып кетпесін деген сеніммен осы қолтық тұмар пайда болған деседі.



Қазақ үшін қандай бұйымның болсын әсемдігімен қатар қасиеті мен киесі де айрықша мәнге ие болған. Жаман нәрселерден қорғау қасиетіне, мәніне қарай қалыбы мен ою-өрнегі, жасалатын материалы да түрліше болады. Күмістің жылтылы мен түсі ежелден айдың жарығына баланды. Боз ғаламшар мен күміс бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл металды түнгі жарықтың бір бөлігі ретінде қабылдаған халқымыз оған

кезінде ескі тұмарлар қалпына келтіріліп, тазартылады. Сонда қазақ арулары таққан бойтұмарлардан құран аяттары шығып жатады. Ерте-ерте бірінің ішінен қыздың жігіттен алған хаты да табылған, – деді Ә.Бекқұлы.

Тұмардың қолтық тұмар аталатын көлемді әрі ерекше түрі асыл тастармен безендіріліп, бетіне кавказ өрнегі салыныпты. Маржан тастармен безендіріліп, бүршіктеу

Көрмені тамашалап жүріп қазіргі қолөнер бұрынғы шеберлердің өнерінен мүлде бөлек екенін еріксіз аңғарасын. Бүгінгілерін қазақтың ұлттық қолөнері деп айта да алмайсың. Сапасы да, техникасы да мүлде басқа. Ұлттық өнер кедейсілік деңгейге түскен бүгінгі заманда екі ғасыр бұрынғы ел өмірін көз алдына келтіретін мұндай жәдігерлер өз халқының өткеніне деген мақтанш сезімін сыйлайды екен.

● «ЖАС АЛАШ» – 100

Алаштың ұраны болған

Қазақстан мен Орта Азия жастарының жалынды ұйымдастырушысы, Ғани Мұратбаев XX ғасыр басындағы жастар ұйымының аса талантты өкілі болатын. Қазалы қаласындағы орын-түзем мектебін оқып жүргенде-ақ уезд басшыларының көзіне түскен ол 1917 жылдың күзінде, яғни, он бес жастан сәл асқанда революциялық кеңестің құрамына алынады. Кеңес құрамында жүрген қысқа мерзім Ғанидың өмірге, жалпы, қоғамға деген көзқарасын күрт өзгертті. Ең бастысы, оқымаса болмайтынына көзі жетті.

1918 жылы Ташкентке оқу іздеп барды. Жүрексіңбей, алдына зор мақсат қойып, өрге ұмтылып келген Ғаниды Ташкент те жатысқан жоқ. Қазақ-қырғыз педагогикалық училищесіне оқуға түседі.

Педучилищеден кейін Халық ағарту институтында оқи жүріп, Финкельштейн атындағы мектепті де үздік бітірген. Институт қабырғасында жүріп-ақ, қазақ, қырғыз, өзбек жастарынан қамқорлығын аяған жоқ. Жанарында оты бар, келешек осыдан қоғамға қажетті тұлға шығады дегендердің барлығын Ғани Шығыс университетіне оқуға түсірді.

1921 жылы Ұлыстың Ұлы күні 22 наурызда Ғани Мұратбаевтың бастамасымен Ташкент қаласында Түркістан Республикасы комсомолының үні – «Жас Алаш» газетінің тұңғыш номері төте жазу үлгісінде жарыққа шықты. Бұл жылдары

Ғани Түркістан атқару комитеті жатақханасының №18 бөлмесінде тұрды. Бұл бөлме жастардың жиі жиналатын орнына айналды. Жұмыс жайлы мәселелер талқыланып, қызу айтыстар өтетін. «Жас Алаш» газетінің алғашқы редакциясы осы бөлме болды. Газеттің адресі Ташкент қаласы, Түркістан өлкелік атқару комитетінің жатақханасы, 18-бөлме деп көрсетілген.

Илияс Жансүгіров Ғани туралы естелігінде былай дейді: «Бұл жылы біз Ташкентте оқытын едік. Ғани университетте оқытын. Оқуынан ұйымда істеуі көп болушы еді, сол жылы жазға салым жастардың жиналысында Ғани көптің ортасына «жастар газетін шығару» деген ойды тастады. Жиылыс мұны мақұлдап, бұл жұмысты ұйымдастыруды Ғаниға тапсырды. Мен хатшылық міндетін мойныма алдым. Садуақас, Әлижан, Шамғали секілді азаматтар атсалыса бастады. Ғани жоқтан бар құрап, газеттің қағазын, ақшасын тапты. Соңынан екі бетті ғана қазақ жастарының тұңғыш газеті – кішкене «Жас Алаш» газеті Наурыз күні жарыққа шықты.

Әлі ұмытпаймын. Газеттің бетін тізіп, енді баспаға жіберелі тұрғанда Ғани келіп: «бұған бір ұран жіберелік, тұңғыш жастар газетінің, жастар жұртшылығының ұранын осы газеттен бастап жариялайық!» деп еді. Қаріп терушілердің еңбегін төлеп, тізілген газетті қайта бөлектеп, ұранды қыстырдық. Сондағы Ғанидың газеттің маңдайына қойған ұраны міне: «заманға қожа болу, тұрмысқа тұтқа болудың кілті – бірігіп ұйымдасуда. Ояңдар,



ұйымдасындар, езілген Күншығыс жастары!»

Міне, осы ұран – әлі ұран, осыдан басталып, қазақ жастарының арасында әлеуметтік сезімі өсе бастады. «Жас Алаш» газеті жастар басысының алғашқы демі болды. Бұған мұрындық болған – Ғани» дейді.

1921 жылы 22 наурызда шыққан араб қарпінің төте жазу үлгісінде басылған «Жас Алаш» газетінің алғашқы санының көшірмесі, Ташкент қаласындағы «Жас Алаш» газетін шығарған баспахана үйінің сыртқы көрінісі түсірілген фотосурет – Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейіндегі құнды экспонаттардың бірі де бірегейі.

2001 жылы «Жас Алаш» газетінің 80 жылдығы құрметіне газеттің бас редакторы, белгілі журналист, қазіргі Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп

бастаған «Атамекен» экспедициясы музейде болып, Ғани рухына тағзым етіп, құрмет кітабына қолтаңба қалдырды.

2012 жылы Ғани Мұратбаевтың туғанына 110 жыл толу құрметіне «Жас Алаш» газетінің редакциясы газеттің бас редакторы Рысбек Сәрсенбаевтың құттықтау хатын, әр кезеңдегі редакторлар туралы мәлімет, ұжым мүшелерінің фотосуреттері жіберіліп, қорды толықтырды.

Ғани салған сара жол өз ағынымен ағып, асулардан асуда. Ғанидың бастамасымен ашылған «Жас Алаш» газеті де өзінің ғасырлық мерейтойын атап өтуде.

Газеттің әр жылдағы атауына келсек, 1924 жылдың ақпанынан 1925 жылдың желтоқсанына дейін «Лениншіл жас», 1926 жылдың 30 қазанына дейін «Жас қайрат», ал 1927 жылдың 27 қыркүйегінен «Лениншіл жас» атанады. Тәуелсіздікке қолымыз жеткен 1991 жылдан бастап оның байырғы, тарихи «Жас Алаш» атауы қайтарылды. Басылымның атаулары өзгергенімен, мазмұны мен идеясы өзгермей, тұрақтылығымен, шынайылығымен, қоғамдық оқиғаларға байыпты талдау жасайтын, ұлттық рухты басылым бүгінгі таңда республикалық қоғамдық-саяси газет деңгейіне көтеріліп, қалың оқырмандарының жүрегіне Ғани салған соқпақпен жол табуда.

Роза АСАНОВА,
Ғани Мұратбаевтың
мемориалдық музейінің
меңгерушісі

«Мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін Ораза, Құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол – Наурыз.

Қыс бойы ақ кебінің жамылып, өлім төсегінде жатқан табығаттың, жанды-жансыздың тірліуі кімнің болса да, көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге саяды.

Міржақып Дулатов

Жаңа жыл күні қазақ күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды. Қар тез кете ме, жаз жылдам бола ма деп болжам жасайды. Қазақтың Жаңа жылы – жазғытұры күн мен түннің теңелген (22 наурызда) күні болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы, күн қараңғы, суық түннен ұзара бастайды...

Мағжан Жұмабаев

Жеткен кезде Наурызымыз жапан біткен жаңғырар, Тұман орап тау басын, аспан үрпі салбырар. Жансыздарға жан бітіп, әуен билеп маңды бір, Жер көгеріп, шөп қаулап, мерейін бір қандырар. Күнге тосып арқасын жан-жануар албырар, Аунап-қунап барлығы жерге түсін қалдырар...

Мақтымқұлы



Наурыз

Жаңа жыл жақсылығы нәсіп болсын



Жылдың он екі айы да қасиетті, алайда, ақындар айтқандай, «төрт мезгілдің тұңғышы» көктемнің, әсіресе наурыздың адам үшін де, табиғат үшін де жүзі жылы, жүрегі ыстық.

Наурыз мерекесіндегі салт та, дәстүр де – біздің ұлттық дүниемізбен бітеқайнасқан үрдіс. Біз бұл күні ағаш көшеттерін егіп, айналамызды айнайды қылып тазалаудан бастағанбыз. Қазақ «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» дегенді бекер айтпаған. Мал – бір күннің асы, тал – мың күннің саясы. Наурыз мерекесінің негізгі төркіні жаңғыру, жасару мезетіндегі тіршілікті түлету болса, сол күнді ән-жырмен, әсем күймен қарсы алып, жеті дәмнің қасиетін ырымдап, наурызкөже пісіру осы күннің шырайын аша түскен. Бұл күні барша жұрт бір-біріне «Бақ-береке орнасын, Қыдыр болсын жолдасың» деп ең жақсы тілектерін арнаған.

Мереке баршамызға берекесімен келсін. Ауырмандықтар, әлемдік пандемияға ұласқан дерттің беті қайтып келе жатқанына қуанамыз. Сиыр жылы саулық, амандық жылы болсын. Әрбір отбасына Алланың шапағаты жаусын, жаңа жылдың жақсылығы әрқайсымызға нәсіп болсын.

Нартай ТҰРСАНОВ, халық емшісі

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР

Ер жігіт ат үстінде сыналады

Аударыспақтан облыс намысын қорғап жүрген спортшылардың бірі Жасулан Жәлімбетов – Жаңақорған ауданы, Қырқеңсе ауылының тұрмасы. Ол он жасында атқа мінді. Ауыл арасындағы көкпарға қатысты. Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылатын ұлттық спорт түрлерінен бақ сынады. Кең жазықта, атқа қамшы салмай қырдан-қырға асып, асаудың денесін қыздыратын. Оның атқа деген құмарлығы аударыспаққа жетеледі. Білегінде күші, бойында намысы бар жігіт талай жарыста топ жарды. Сырдың мақтанышына айналды. Қазір ересектер арасындағы аударыспаққа қатысып жүр. Ел чемпионатында қола жүлдені бірнеше мәрте еншіледі.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

– Ауыл баласы ат үстінде өседі. Бала күнімізде үлкендер атқа отырғызып, асау үйрететін. Қой бағып, түздегі жылқыны барлап қайтатынбыз. Жылқыдай ақылды жануарға әуестігім ерекше болды. Уақыт өте келе, аударыспаққа қызығушылығым оянда. Жаттықтырушы Қанат Абылбеков оның қыр-сырын үйретіп, ережесін меңгеруге баулады. 2010 жылдан бастап жарыстарға шыға бастадым, – дейді ол.

Аударыспақ үш деңгейде – ересектер, жастар және жасөспірімдер арасында өтеді. Салмақ бойынша спортшылар іріктеледі. Спортшыда қайсар мінез бен күш болуы тиіс. Әркімнің өз әдісі болады. Мәселен, белден тарту, білектен және аяқтан тарту арқылы аттан аударып түсіру керек. Аппен секіріп ұруға, жалынынан ұстауға тыйым салынған. Қолды, саусақты қайыруға және беттен ұруға болмайды. Екі қолдан ердің басынан ұстауға да рұқсат жоқ. Осы ережелерді естен шығармай, аттың үстінде күш сынасу ерлікпен тең.

– Әрбір дода үлкен жауапкершілік жүктейді. Ел чемпионатының алдында дайындыққа кірісеміз. Жүгіру мен физикалық жаттығуды тұрақты жасаймыз. Сонымен қатар атпен де күнделікті жаттығамыз. Халқымыз

«Ердің атын ат шығарады» деп бекер айтпаған. Астыңдағы тұлпардың мықтылығы ойын барысында байқалады. Спортшы мен ат бірге жұмыс істеу керек. Ойын кезінде ат тоқтамай айналып, икеміңе ыңғай танытуы тиіс. Берілетін уақыт 5 минут. Егер сол уақытта ештеңе шешілмесе, онда белдестіру болады. Сондықтан спортшы үшін әрбір минут маңызды, – дейді Жасулан.

Алдыңғы жылы Ақтөбе қаласында өткен фестивалда Жасулан үшінші орынды жеңіп алды. Сол жылы оған мектеп тарапынан ат берілді. Қазір шабандоз «Қараталмен» бірге дайындалып жүр. Биыл Шымкент қаласында өткен сайыста екінші орын иеленді. Алдағы сайысқа дайындалу үшін жақын күндері Тараз қаласына жол жүрмек.

Ұлттық спорт түрлерінің дамуына елеулі үлес қосып, жеңімпаздар дайындаған мектептің бірі – Жаңақорған ауданындағы №7 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі. Мектеп директоры Сламхан Боранбаевтың айтуынша, ұлттық спорт түріне қолдау бар. Еліміздің барлық облысында ұлттық спорт мектептері ашылып, аташарлар мен көкпар алаңдары салынып, материалдық базасы нығайтып келеді. Дегенмен, түйінді, шешімін күткен мәселер де бар. Ұлттық спорттың басым бөлігі атпен байланысты болғандықтан, жануарды тасымалдау, баптап-қуту оңай шаруа емес. Жылқыны жемдеу, саулығын қадағалау, қорғамай, тағы басқа шығындары бар. Дегенмен, С.Боранбаев бұл мәселелердің кезең-кезеңімен шешіліп жатқанын айтты. Қазір ауданда аударыспақпен айналысатын 200-ден астам спортшы бар.

1917 жылы «Алаш» партиясының бағдарлама-сын жариялаған «Қазақ» газеті большевиктер жауып тастағанша қазақ халқының болашағы үшін саяси-ағарту жұмыстарын тоқтатқан жоқ.

«ОВ» пен «ЕВ»-тің төркінін білесіз бе?

Осы газеттің 1915 жылғы соңғы санында Ыдырыс Оразаулы деген студент «Еуропа халықтарында жоқ, бізден өзге патшалық мұсылмандарында жоқ» деген мақаласында «ев» пен «ов»-тың қазақтың төл құжаттарына қалай енгенін мәселе етіп көтерген. Редакция алқасы авторға газет арқылы берген жауабында қазақтың тегі, аты-жөні туралы бірнеше нұсқаны ұсынады да, «қайсысына тоқтап қалдыру керек» деп оқырмандардың талқысына салған екен.

Дұрыс мәселе көтергенмен, мақала авторы орыс патшаларының өздері «ев» пен «ов» деген тіркелімі фамилияларына қоспағанын білмеген. Атап айтқанда, Ярослав Мудрый, Владимир Мономах, Иван Калита, Иван Грозный, I Петр, II Екатерина, I Александр, II Александр, I Николай, II Николай. Қарап отырсақ, ешқайсысында «ов» пен «ев» деген тіркеме жоқ. Тіркеме орнына әкесінің аты, не халық қойған лақап аты, не реттік саны жазылған.

Тіпті «фамилия» дегеннің өзі орыс сөзі емес, латын сөзі орыстың «семья» деген сөзіне келіңкірейді. Рас, Романовтар деп атаған, онда да тек Михайл Романов ұрпағының 300 жыл тақтан тұспей келе жатқанын мақтанышымен атау үшін ғана керек болған. Арғы тегінен дворян болып келе жатқандар да бұл тіркелімі қолданбаған. Русь православие дінінің басшылары да фамилия дегенді білмеген, орыстар бұл тіркелімі қорлық деп есептеген.

Енді тіркелімің шығу тарихына келсек, помещиктердің басыбайлы шаруалары болған. Далада егістіктен немесе мал жайылымынан өтіп бара жатқанда помещикті көрген орыс шаруалары бас киімін алып иілетіп болған. Сонда помещик «Сен кімнің басыбайлы құлысың?» (Чей ты холуй?) деген сұраққа шаруа «Мен Иванның басыбайлы құлымын» (Я Иванов холуй) деп жауап қайтаратын болған. Иван холуйларын ұрып-соқты, сатты, туыстарына сыйлады, тіпті ашу үстінде елтіріп тастаса да ерікті болды. Мағынасы осындай жалғау тіркестерді орыс патшалары мен дворяндары, дінбасшылары қалай қабылдады. Ал, Ресейде құл иеленушілік 1861 жылдың ақпан айына дейін, яғни басыбайлылық жойылғанға дейін сақталды. Қазақтардың ата-тегін қазақша түсіру 1773-1775 жылдардағы Е.Пугачев көтерілісіне қатысқан қазақтарды қолға түсіріп соттағанда тегіне «ов» пен «ев»-терді жазудан

Адамның тегі ұлттық бет-бейнемізді білдіріп тұруы керек. Мысалы, тегінің жазылуы мен айтылуы «швил» болса грузин, «ян» болса армян, «оглы» әзербайжан екенін білеміз. Біз қашанғы бодандықтың қамыты сияқты «ов» пен «ев»-ны мойнымызға артып жүреміз? Ойланп қарасам, бұл тіркеме маған «құл» мен «қуң» деген сияқты болып тұрады. Біз тәуелсіз елдің «құл» мен «қыз» деген ардақты сөзді алып жүрейік, ағайын!

Бақытжан ТҮМЕНБАЙ, тарих жәни мұғалімі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Көңілден өшпейді нұрлы жүзіңіз



парасатымен айбыны асып, кеңпейлімен ортасына сыйлы болған аңыз қызмет пен отбасын қатар алып жүрді. Еңбек жолындағы ең жоғары баға – Алла берген абыройдан арылмай халықтың құрметіне, елдің ыстық ықыласына, ағайын-туыстың алғысына бөленді. Ұл-қызын алап өсіріп, өмірден өз орнын табуы үшін аянбай еңбек етті. Абзал жанның арманы ұрпағының жақсылығына кенеліп, немерелерінің тойын көру еді. Қайсар мінезімен дендеген сырқатпен қанша күрессе де ажалды жеңе алмады. Аман қанша, анамызды сағынамыз, есіктен кіріп келетіндей елендеп отырамыз.

Анамыздың фәниден озғанына жыл толуына орай 27 наурыз күні сағат 12.00-де Қызылорда қаласы, Әубәкіров көшесі №6 үйде жылдың асы беріледі. Оқылатын құран аяттары қабірін нұландырып, жатқан жері жайлы, орны пейіштің төрінен бұйырса дейміз.

Еске алушылар: Байниязовтар, Әміреветтер әулеттері

Газетіміздің келесі саны 25 наурыз, бейсенбі күні шығады.

Чупа-чупс па, құрт па?

Ине шықса да, түйме шықса да, әйтеуір, өзіміздің отандық өнім болғанын құп көреміз. Себебі, ішер асуымыз, киер киіміміз бен күнделікті пайдаланатын тұрмыстық заттың басым бөлігі шетелден әкелінеді. Патенттеген дүниеміз аз. Бірақ, талпыныс, құлшыныс бар. Оған тележүргізуші, актер Рахман Омардың құрт шығаруды қолға алуы және оны патенттеуі дәлел. Актер оны шетелге алып шығуға немесе шетелден келген қонақтарға ұсынуға болатындай етіп, ерекше базарлық түрінде шығарған. Қазір еліміздің әр түкпірінде таяқшалы тәтті чупа-чупстың орнын басқан өнімнің саудасы қызу.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Актердің айтуынша, ашаршылық, зулмат жылдарында халыққа талғажау болған тағамның қадірін біз жете түсінуіміз керек. Бүгінде нарықта құрттың түр-түрі бар. Бірақ, нағыз құртты табу қиын. Сондықтан сапалы өнім балалар іздеп жүріп жейтін чупа-чупс пішінінде дайындалған. Оны қазақтың дәмінен тату үшін шетелдіктерге де тарту етуге болады.

– Дүкен сөрелерінде көздің жауын алатын алуан түрлі химикат қосылған өнім қаптап кетті. Жастың да, жасамыстың да назарын аудармай қоймайтын дизайн еріксіз өзіне тартып тұрады. Олардың басым бөлігі –

пайда көздеген шетелдік компаниялардың өнімдері. Байқап қарасаңыз, құрамы да түсініксіз, ал ол химиялық консерванттардың зияны айтпаса да түсінікті. Шетелге барғанда да, елдің атынан базарлыққа не апарып жүрміз? Мәселен, сыйлығының тарихын сағаттап баяндап, түрік ағайындар лүкүм әкеледі, арабтар құрмасын дәріптейді. Бұл мәселе мені бейжай қалдырмады. Құрт – біздің асыл тасымыз. Сондықтан көп сөзбай, серіктестермен бірге «Asyl Tas Holding»-ті құрдық. 2 жыл уақыт кетті. Нәтижесінде құртты патенттеп алдық. Бүгінде отандық өнімді қолдаушылар көп, – дейді Рахман Омар.



Әңгіме барысында актер құрт салынатын қораптардың түр-түрі барын айтты. Мәселен, көк және қара қорапша сыртында 3 тілде өнім туралы ақпарат берілген. Қара қораптың ішінде Абайдың 7-ші қара сөзі жазылған. Дәлірек айтсақ, ұлы ойшылдың адамзатқа қатысты айтқан қара сөзі әрі құрттың қазақ тарихындағы маңызы келтірілген. Әрбір сатып алушы осылайша ауылдың дәмін татып, тарихқа, құрттың біз үшін қаншалықты маңызға ие екенін түсіне алады.

– Таяқшалы тәтті шығаратын Chupa Chups Group XXI ғасырдың басында-ақ сауда көлемін 400 миллион доллар-

дан асырған. Негізін салушы испандық Енрик Бернат сол кездері барлығын қарапайым ғана ағаш таяқша мен мұз кампиттен бастаған. Ал, таны-мал суретшімен достық әрі табысты зерттеулер тәттінің әлем халықтарының ең сүйікті дәміне айналуына ықпал етті. Оның қасында біздің құрттың 40 түрлі пайдасы бар. Медицина мамандары да осыған келіседі. Өз өнімімізді қайта жаңғыртып, ұлттық брендті насихаттау өз қолымызда. Құнарлы құрт қазаққа тиесілі, сондықтан оны бірге дәріптеуге шақырамын, – деп түйіндеді тележүргізуші.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Шәмша Айтуғановқа інісі, Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз хатшысы Жеңісбек Айымқұловқа, газет тасымалдаушы Гүлжан Айымқұловаға әкелері Айымқұлов Совет Айтуғанұлының қайтыс болуына байланысты ғайыпана ортақтасып, көңіл айтады.

